«Жасыл даму»
акционерлік қоғамы
Директорлар кеңесінің
2023 жылғы «24»
қарашадағы шешіміне
(№ 14/11/2023 хаттама)
№ 1 Қосымша

«Жасыл даму»
акционерлік
қоғамының
Директорлар кеңесінің
2023 жылғы «24»
қарашадағы шешімімен
(№ 14/11/2023 хаттама)
бекітілген

«Жасыл даму» акционерлік қоғамының 2023-2027 жылдарға арналған Даму стратегиясы

Кіріспе

«Жасыл даму» акционерлік қоғамының 2023–2027 жылдарға арналған осы Даму стратегиясы Қоғамның миссиясын, пайымын, стратегиялық бағыттарын, мақсаттарын және қызмет нәтижелерінің орта мерзімді кезеңге арналған көрсеткіштерін айқындайды және ҚР ЭК (Экологиялық кодексі) ережелерін, ҚР Президентінің 2013 жылғы 30 мамырдағы № 577 Жарлығымен бекітілген ҚР «жасыл экономикаға» көшу жөніндегі тұжырымдамасын, ҚР ЭТРМ-нің (Экология және табиғи ресурстар министрлігі) 2023 жылғы 31 қаңтардағы № 27-п бұйрығымен бекітілген 2023–2027 жылдарға арналған Даму жоспарын ескере отырып әзірленді.

Қоғам Жарғысына сәйкес, оның қызметінің мақсаты қоршаған ортаның сапасын сақтау, қалпына келтіру және жақсарту жөніндегі жағдайларды жасау, Қазақстан Республикасының төмен көміртекті дамуға көшуін қамтамасыз ету, оның ішінде өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері (ӨКМ) қағидатын ҚР ЭК және ҚР өзге де нормативтік құқықтық актілерінде көзделген тәртіппен іске асыру арқылы қамтамасыз ету болып табылады.

Қоғам ҚР Үкіметінің 2012 жылғы 26 шілдедегі «Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің «Қазақ экология және климат ғылыми-зерттеу институты» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнын қайта ұйымдастыру туралы» № 978 қаулысымен құрылған болатын.

2022 жылғы 18 қаңтарға дейін Қоғам қызметінің мәні мыналар болды:

- БҰҰ-ның Климаттың өзгеруі жөніндегі негіздемелік конвенциясының Киото хаттамасын үйлестіру және іске асыру жөніндегі уәкілетті органның қызметін техникалық және консультациялық қамтамасыз ету;
- Климаттың өзгеруі және бірқатар халықаралық конвенциялар мен хаттамалармен реттелетін парниктік газдар шығарындылары саласындағы ғылыми-зерттеу қызметі;
- Республикалық меншікке түскен иесіз қауіпті қалдықтарды (ИҚҚ) басқару.

2022 жылғы 11 қаңтарда ҚР Парламенті Мәжілісінің отырысында Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаев берген тапсырманы орындау мақсатында, ҚР Үкіметінің 2022 жылғы 18 қаңтардағы № 20 қаулысына сәйкес, Қоғам бұрынғы функционалына қосымша ӨКМ Операторы болып айқындалды.

ӨКМ – бұл экологиялық саясатқа өнімнің бүкіл тіршілік циклі үшін, оны әзірлеу сатысынан бастап тұтыну қасиеттерін жоғалтқаннан кейінгі кәдеге жаратуға дейінгі жауапкершілік оның өндірушілеріне (импорттаушыларына) жүктелетін тәсіл.

ҚР-да ӨКМ қағидаты заңнамалық тұрғыдан 2015 жылы енгізіліп, 2016 жылдан бастап қолданыла бастады. 2015 жылғы 30 желтоқсаннан 2022 жылғы

18 қаңтарға дейін ӨКМ қағидатын іске асыруға жауапты ұйым «ӨКМ Операторы» ЖШС болды[1].

ҚР ЭК 387-бабына сәйкес, ӨКМ Операторы кәдеге жарату төлемін жинауға қатысты айрықша құқыққа ие және көрсетілген төлемдерді ҚР ЭК және ҚР өзге де заңнамалық актілерінде көзделген тәртіппен басқаруға және оларға билік етуге тиіс.

ҚР ЭК 389-бабына сәйкес, ӨКМ Операторының өкілеттіктеріне оның банктік шотына кәдеге жарату төлемі түрінде түскен ақшаны қалдықтарды жинауды, тасымалдауды, қайта пайдалануға дайындауды, сұрыптауды, өңдеуді, қайта өңдеуді, залалсыздандыруды және (немесе) кәдеге жаратуды ұйымдастыру үшін ҚР ЭК 388-бабында көзделген бағыттарға жіберу жатады.

ҚР ЭК 389-бабының 2-тармағына сәйкес, ӨКМ Операторы кәдеге жарату төлемін ҚР ЭК 388-бабына, сондай-ақ қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органмен келісілген өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері операторы қызметінің даму стратегиясына сәйкес жұмсайды, ол кәдеге жарату төлемі қаражатын елді мекендердегі тұрмыстық қатты қалдықтарды жинау, тасымалдау, сұрыптау және көму тарифтері бойынша жеке және заңды тұлғалар төлейтін қаражат есебінен өтелмейтін мақсаттарға пайдалану басымдығын қамтиды.

Миссия және Пайым

Миссия – қоршаған ортаның сапасын жақсарту және қалдықтарды кешенді басқару жүйесін дамыту, оның ішінде циркулярлық экономиканы дамытуға бағытталған мемлекеттік экологиялық саясатты іске асыруға жәрдемдесу.

Пайым – қоршаған ортаны сақтайтын өндіру, бөлу және тұтыну тәсілдеріне жеделдетілген көшуді қамтамасыз ететін, қоғамға ашық ұйым.

1. Әлемдік тәжірибені талдау

ӨКМ (Өндірушілердің кеңейтілген міндеттемелері) тұжырымдамасы алғаш рет 1990 жылы Швецияда ұсынылды және содан бері көптеген елдерде кеңінен тарады. ЭЫДҰ (Экономикалық Ынтымақтастық және Даму Ұйымы) деректері бойынша, қазіргі уақытта әлемде 400-ге жуық осындай жүйе қолданылады, олардың көпшілігі ерікті емес, міндетті болып табылады. ӨКМ қағидаттары ұсақ тұтынушылық электроникаға, қаптамаға, автошиналарға, пайдалану мерзімі өткен көлік құралдарына, қорғасын-қышқылды батареяларға және өзге де өнімдерге қолданылады.

ӨКМ-ді озық елдерде енгізу көп жағдайда негізгі тәсілдерді: циркулярлық экономиканы, «ластаушы төлейді» қағидатын пайдалануға сүйенеді және үш R қағидаты бойынша (*reduce* – қалдықтарды азайту, *reuse* – қайта пайдалану және *recycle* – ресурстарды қайта өңдеу) қалдықтарды қайта өңдеу технологияларын енгізуден басқа, өнімді жобалау (дизайн) кезеңінде қоршаған ортаны ластауды азайту қағидатын енгізуге баса назар аударады.

[1] Бұдан әрі «ӨКМ операторы» немесе «Оператор» деп ӨКМ қағидатын іске асыруға жауапты ұйым түсініледі (қазіргі уақытта - «Жасыл даму» АҚ). Ал «ӨКМ Операторы» ЖШС — алты жыл бойы көрсетілген өкілеттіктер жүктелген нақты жеке компанияның атауы.

Еуропалық Одақ (ЕО) елдерінде ӨКМ қағидаттары батареялар мен аккумуляторларды, қаптаманы және қаптамалық қалдықтарды, пайдалану мерзімі өткен көлік құралдарын, пайдаланылған электрлік және электрондық жабдықтарды реттейтін бірнеше директивалар деңгейінде іске асырылады. ЕО заңнамасына сәйкес, ӨКМ орындау үшін жауапкершілік толығымен өндірушілерге/импорттаушыларға жүктеледі. Қатысушы елдер өндірушілерге/импорттаушыларға міндеттемелерді орындаудың екі әдісін ұсынады:

1) жеке негізде – қалдықтармен жұмыс істеуді ұйымдастыру арқылы;

2) ұжымдық негізде – өндірушілер мен импорттаушылар ұйымын құру және (немесе) осындай ұйымға кіру және ұйымға қалдықтармен жұмыс істеуді ұйымдастыруды тапсыру арқылы.

Осылайша, бір елде бірнеше ӨКМ ұйымы болуы мүмкін. Мысалы, Швециядағы ӨКМ ұйымдарының көпшілігі тиісті ӨКМ міндеттемелері шеңберінде жекелеген өндірушілерге немесе сауда ұйымдарына тиесілі коммерциялық емес компаниялар ретінде жұмыс істейді. Ұйымдардың ешқайсысы заңнамалық монополияға ие емес, олардың барлығы ашық нарықта жұмыс істейді. Осылайша, өнімдердің кейбір топтары үшін әртүрлі өндірушілер арасында бәсекелестік бар, атап айтқанда қаптама қалдықтары және электрлік және электрондық жабдықтар қалдықтары үшін. Өнімдер тобына байланысты ӨКМ схемалары бөлшек сауда бағасына қосылатын өнім үшін төленетін төлем және/немесе қайта өңделген материалды сатудан түскен кіріс есебінен қаржыландырылады. ӨКМ схемаларының көпшілігінде осы қаржылық операцияларды жекелеген ӨКМ ұйымдары басқарады.

Бұл ретте, өндірушілерге/импорттаушыларға халықты (атап айтқанда, өнімді ұстаушыларды) өнімді өндірушілерге/импорттаушыларға қайтару жолдары туралы ақпараттандыру және қалдықтарды бөлек жинау PR-ы бойынша шығыстар заңнамалық түрде бекітілген.

Кейбір ЕО елдері де ӨКМ іске асырудың қосымша шараларын қолданады. Мысалы, Литвада қоршаған ортаны ластағаны үшін салық енгізілген, одан өндірушілер/импорттаушылар кеңейтілген міндеттемелерді орындаған кезде босатылады. Бельгияда өндірушілерді/импорттаушыларды циркулярлық экономикаға көшуге ынталандыруға көмектесетін жағу және көму үшін үлкен салықтар енгізілген. ЕО 2025 жылға қарай өзінің муниципалдық қалдықтарының кемінде 55%-ын, 2030 жылға қарай 60%-ын және 2035 жылға қарай 65%-ын қайта өңдеуді мақсат етіп отыр.

Жапонияда ӨКМ операторының функциялары мемлекеттік мекеме (Жапонияның ыдыс және қаптаманы қайта өңдеу қауымдастығы) арқылы іске асырылады. Жапонияда заңнамалық тұрғыдан Үкімет өндірушілерден/импорттаушылардан оңай қайта өңдеуге болатын өнімдерді өндіруді, сондай-ақ нақты шығыстарға және қайта өңдеу көлеміне сәйкес төлемдерді талап етеді. Шын мәнінде, бұл елде өндірушілерге/импорттаушыларға ӨКМ іске асырудың әртүрлі әдістері ұсынылмаған. Муниципалитеттер мен ӨКМ Ұйымы жиналған қаражат есебінен бөлек жинауды танымал етеді. Жапонияның мақсаттарына сәйкес,

2030 жылдың соңына қарай фторкөміртегін қайта өңдеу деңгейі 70% құрауы тиіс.

Оңтүстік Кореяда ӨКМ іске асыру жүйесі өндірушілердің жауапкершілігі ұйымдары да, ӨКМ орындалуын бақылайтын мемлекеттік мекеме де (Корея Экологиялық корпорациясы) қатар өмір сүретін гибридті сипатқа ие. Бұл жүйеде өндірушілерге/импорттаушыларға ӨКМ іске асырудың екі әдісі таңдауға беріледі:

1) қалдықтарды кәдеге жарату үшін жинау жүйесі – тауар өндірушілерден және импорттаушылардан қалдықтармен жұмыс істеу үшін қажетті төлемді алады;

2) пластик қалдықтарды жинау және қайта өңдеу туралы ерікті келісім – бұл жүйеде өндіруші/импорттаушы қалдықтарды кәдеге жарату үшін алынатын алымнан босатылуы мүмкін.

Оңтүстік Корея 2030 жылға қарай пластик қалдықтардың көлемін 50%-ға қысқартуды және пластмасса қалдықтарының 70%-ын қайта өңдеуді мақсат етіп отыр.

Ресейде «Ресей экологиялық операторы» жария-құқықтық компаниясы бар, ол қатты коммуналдық қалдықтармен жұмыс істеу жүйесін, сондай-ақ ӨКМ қағидаттарын іске асыруды қадағалайды. ӨКМ тұжырымдамасын іске асыру мақсатында ұйым кәдеге жарату жөніндегі кәсіпорындардың тізілімін, қаптама тізілімін, тауар өндірушілердің, қаптамадағы тауарлардың тізілімін қалыптастырады. Ресейде енгізілген ӨКМ тетігіне сәйкес, өндірушілер мен импорттаушылар өздері өндірген тауарларды және тауарларды нарыққа шығару кезінде пайдаланған қаптаманы кәдеге жаратуға жауапты. Тетік өндірушілер/импорттаушылар үшін ӨКМ іске асырудың екі әдісін көздейді:

1)қалдықтарды өз бетінше кәдеге жарату, тауарларды пайдаланудан алынған қалдықтарды жинау, жинақтау, өңдеу және кәдеге жарату бойынша жеке инфрақұрылым құру арқылы немесе Кәдеге жарату жөніндегі кәсіпорындар тізіліміне енгізілген заңды тұлғамен немесе жеке кәсіпкермен шарт жасасу арқылы;

2)қалдықтарды кәдеге жаратуды қамтамасыз етпейтін тауар өндірушілер мен импорттаушылар экологиялық алым төлейді.

Ұйым сондай-ақ қалдықтарды кәдеге жаратуды жүзеге асыратын және кәдеге жаратушылар тізілімінде тұрған ұйымдарға ӨКМ қаражатын ұсынады.

Беларуссияда ӨКМ қағидаттарының орындалуы «Қайталама материалдық ресурстар операторы» мемлекеттік мекемесіне бекітілген, оның негізгі мақсаты қайталама материалдық ресурстармен жұмыс істеу саласындағы қызметті үйлестіру болып табылады. Беларуссиядағы өндірушілер/импорттаушылар тауарлар мен қаптама қалдықтарын жинау, залалсыздандыру және пайдалану үшін толық жауапкершілікте болады және өз міндеттемелерін келесі әдістердің бірімен орындай алады:

1) ӨКМ ұйымына есептер ұсына отырып, тауарлар мен қаптама қалдықтарын жинауды, залалсыздандыруды және пайдалануды ұйымдастырудың меншікті жүйесін қолдану;

2) осы іс-шараларды ұйымдастырғаны үшін ақы төлеумен тауарлар мен қаптама қалдықтарын жинауды, залалсыздандыруды және пайдалануды ұйымдастыру туралы ӨКМ ұйымымен шарт жасасу.

Түскен қаражат тауарлар мен қаптама қалдықтарын жинау бойынша шығындарды өтеуге бағытталады.

Негізгі функциялардан басқа, Беларуссиядағы ӨКМ ұйымы қалдықтарды жинауды, сұрыптауды, дайындауды жүзеге асыратын ұйымдардың тізілімін жүргізеді, коммуналдық қалдықтармен және қайталама материалдық ресурстармен жұмыс істеу мәселелері бойынша халық арасында ақпараттық жұмыстар жүргізеді, сондай-ақ қайталама материалдық ресурстармен және тауарлар мен қаптама қалдықтарымен жұмыс істеу саласына инвестиция тарту жұмыстарына қатысады.

Осылайша, ӨКМ қағидаттарын енгізу саласындағы халықаралық тәжірибе бәсекелестік ортадағы ӨКМ ұйымдарының жеке формаларын да, монополиялық мемлекеттік мекемелерді де, сондай-ақ екі форманың да қатысуымен гибридті жүйелерді де қолдануды көрсетеді.

Әлемдегі ӨКМ модельдерінің ең көп тараған модельдерін талдау, мұндай модельдердің әрқайсысының өзіндік ерекшеліктері мен артықшылықтары бар екенін көрсетеді.

1 .1. Бірыңғай ӨКМ операторы

Мемлекет қаптама қалдықтарын жинауға, сұрыптауға және қайта өңдеуге жауапты бір ғана бірыңғай операторды тағайындайды. Бұл оператор әдетте нарықта монополиялық жағдайға ие және тауар өндірушілерден қаржыландыру алады. Артықшылықтары: Нормаларды стандарттау, әкімшілендіруді жеңілдету, мемлекеттік бақылау мүмкіндігі. Кемшіліктері: Бәсекелестіктің болмауы. Мысалдар: Дания (Dansk Retursystem), Бельгия (Fost Plus).

1.2. Бәсекелес ӨКМ операторлары

Әртүрлі компаниялар бәсекелестік ортада ӨКМ жүйесімен айналыса алады. Артықшылықтары: Көбірек бәсекелестік, бұл тиімділік пен инновацияларды ынталандыруы мүмкін. Кемшіліктері: Монополизация, бағалық сөз байласу және жүйедегі үйлесімсіздік қаупі. Мысалдар: Германия, Франция.

1.3. Мемлекеттік емес ӨКМ операторлары

ӨКМ жүйесінің операторларын жеке компаниялар, кейде тауар өндірушілермен бірлесіп құрады. Артықшылықтары: Икемділік пен инновациялар, өнеркәсіппен ынтымақтастық. Кемшіліктері: Мемлекеттік бақылаудың шектеулігі, мүдделер қақтығысының әлеуеті. Мысалдар: Сербия (Sekopak), Румыния (Eco-Rom Ambalaje).

1.4. Аралас ӨКМ модельдері

Кейбір елдерде ӨКМ жүйесі шеңберінде жұмыс істейтін мемлекеттік және жеке операторлар бар аралас тәсіл қолданылады. Артықшылықтары: Жергілікті жағдайлар мен ресурстардың әртүрлілігін ескеруге мүмкіндік береді. Кемшіліктері: Жауапкершілікті қаптаманың әртүрлі түрлері бойынша

бөлу жүйені күрделендіреді. Мысалдар: Швеция (тұтынушыларға арналған қаптама бөлігінде), Голландия.

Жалпы қорытындылар

1. Мемлекет бірыңғай операторды айқындайтын елдерде ӨКМ жүйесінде бақылау мен стандарттаудың жоғары дәрежесі мүмкін болады.

2. Бәсекелес модельдер бағалық сөз байласу қаупімен және үйлестірудің жетіспеушілігімен қатар жүруі мүмкін.

3. Модельге қарамастан, табысты ӨКМ жүйесінің негізгі компоненттері ашықтық пен бақылау болып табылады.

ӨКМ операторының әрбір моделінің өз кемшіліктері мен артықшылықтары бар, және таңдау жергілікті жағдайларға, экологиялық саясаттың мақсаттарына және нақты елдегі қалдықтарды қайта өңдеу жүйесінің даму деңгейіне байланысты.

1.2. Ағымдағы жағдайды талдау

1.2.1. Қалдықтарды басқару

Экономикалық өсу және өмір сүру деңгейінің жақсаруы азық-түлік және азық-түлік емес тауарларды тұтынудың ұлғаюымен тығыз байланысты. Бұл процестің кері жағы қоршаған орта үшін елеулі проблеманы тудыратын қалдықтардың түзілу көлемінің ұлғаюы болып табылады.

Мемлекеттің күш-жігеріне қарамастан, қалдықтардың түзілуі мен жинақталуы оларды қайта өңдеу қарқыны мен мүмкіндіктерінен озып келеді. Жыл сайын шамамен 4,5-5 млн тонна ҚТҚ (Қатты тұрмыстық қалдықтар) түзіледі. ҚТҚ-ны қайта өңдеу және кәдеге жарату көрсеткіші 2016 жылғы 2,6%-дан 2021 жылы 21,1%-ға, 2022 жылы 24%-ға дейін өсті және тұрақты өсу динамикасын көрсетуде.

ҚТҚ-ның негізгі бөлігі компоненттерге бөлінбей (сұрыпталмай) ашық қоқыс орындарына, полигондарға шығарылады және қоймаланады, олардың көп бөлігі ҚР табиғатты қорғау және санитариялық заңнамасының талаптарына сәйкес келмейді. ҚР ЭТРМ деректері бойынша, республикада 3 мыңға жуық ҚТҚ полигоны жұмыс істейді, онда 125 млн тонна қалдық жинақталған. Бұл ретте, жұмыс істеп тұрған полигондардың тек 20%-ы ғана экологиялық және санитариялық талаптарға сәйкес келеді.

Жинау, тасымалдау, қайта пайдалануға дайындау, сұрыптау, өңдеу, қайта өңдеу, залалсыздандыру және (немесе) қалдықтарды кәдеге жарату шығындарының бір бөлігін өтеу мақсатында 2015 жылы ҚР ЭК-ға ӨКМ іске асыру тетігі енгізілді. ҚР аумағында өндіруді және (немесе) ҚР аумағына қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган бекіткен тізбе бойынша өнімнің (тауарлардың) жекелеген түрлерін әкелуді жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар осындай өнімдер (тауарлар) тұтыну қасиеттерін жоғалтқаннан кейін түзілетін қалдықтарды жинауды, тасымалдауды, қайта пайдалануға дайындауды, сұрыптауды, өңдеуді, қайта өңдеуді, залалсыздандыруды және (немесе) кәдеге жаратуды қамтамасыз етуге міндетті.

ҚР заңнамасында ӨКМ-ді өндірушінің (импорттаушының) таңдауы бойынша екі тәсілдің бірімен орындау көзделген:

1) қалдықтарды жинаудың, тасымалдаудың, қайта пайдалануға дайындаудың, сұрыптаудың, өңдеудің, қайта өңдеудің, залалсыздандырудың және (немесе) кәдеге жаратудың меншікті жүйесін қолдану;

2) ӨКМ операторымен қалдықтарды жинауды, тасымалдауды, қайта пайдалануға дайындауды, сұрыптауды, өңдеуді, қайта өңдеуді, залалсыздандыруды және (немесе) кәдеге жаратуды ұйымдастыру туралы шарт жасасу.

ӨКМ операторының банктік шотына кәдеге жарату төлемі түрінде түскен қаражат ҚР ЭК 388-бабының 1-тармағында белгіленген бағыттар бойынша жұмсалады. Бұл бағыттар оператор қабылдаған ӨКМ орындау жөніндегі міндеттемелерді тікелей орындауды, сондай-ақ қоршаған ортаның жай-күйін жақсартуға бағытталған өзге де міндеттерді шешуді қамтамасыз етеді.

2016 жылы ӨКМ алдымен автомобильдерге және олардың компоненттеріне, 2017 жылы – қаптамаға (2020 жылға дейін – нөлдік мөлшерлеме бойынша), 2020 жылы – ауыл шаруашылығы техникасына, сондай-ақ электромобильдерге «нөлдік» мөлшерлеме бойынша, 2022 жылы – электрлік және электрондық жабдықтарға енгізілді.

Автомобильдер, ауыл шаруашылығы техникасы және автокомпоненттер

Пайдаланудан шыққан көлік құралдары (ПШКҚ) және Пайдаланудан шыққан өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы техникасы (ПЖӨЖАШТ) қоршаған ортаны ластауға айтарлықтай әсер етеді.

2023 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша тіркелген автокөлік құралдарының (АКҚ) саны 4 951 901 бірлікті құрады, бұл 2023 жылдың басындағы осыған ұқсас көрсеткішпен салыстырғанда 502 610 бірлікке немесе 11%-ға артты.

№ 1 Кесте

Тіркелген автокөлік құралдары санының салыстырмасы[2]

Атауы	**01.01.2023**	**01.07.2023**	**Ауытқу (бірл.)**	**Ауытқу (%)**
Жеңіл автомобильдер	3 909 559	4 351 768	442 209	111%
Жүк автомобильдері	446 510	497 807	51 297	111%
Автобустар	93 222	102 326	9 104	110%
Барлығы	**4 449 291**	**4 951 901**	**502 610**	**111%**

Автокөлік құралдары (АКҚ) санының елеулі өсуінің негізгі себептерінің бірі – 2023 жылдың бірінші жартыжылдығында ҚР-ға 2022 жылдың 1 қыркүйегіне дейін әкелінген шетелдік автомобильдерді заңдастырудың

[2] ҚР СЖжРА ҰСБ деректері бойынша

жүргізілуі болды. ҚР Ішкі істер министрлігінің деректері бойынша, Қазақстанда заңдастыру кезінде 219 мың шетелдік автомобиль тіркелген.

Автомобильдің тіршілік циклі жиі аяқталған түрде болмайды: пайдаланудан шығарылған автокөліктер автошеберханаларда бөлшектеледі, одан әрі пайдалануға жарамды тораптар мен компоненттер авторынокта сатылады, ал қалғандары, оның ішінде шанақ бөліктері Қатты тұрмыстық қалдықтар (ҚТҚ) полигондарында немесе рұқсат етілмеген орындарда орналастырылады.

2016 жылдан бастап өндірілген және импортталған көлік құралдары бойынша 560 мыңға жуық көлік құралын жинауды, тасымалдауды, қайта пайдалануға дайындауды, сұрыптауды, өңдеуді, қайта өңдеуді, залалсыздандыруды және (немесе) кәдеге жаратуды ұйымдастыру бойынша міндеттемелер қабылданды. Өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы техникасы бойынша 11,5 мың бірлікке міндеттемелер қабылданды.

Міндеттемелерді орындау шеңберінде 2016 жылдан 2021 жылға дейін «ӨКМ Операторы» ЖШС 216 мың Пайдаланудан шыққан көлік құралдарын (ПШКҚ), сондай-ақ 3,5 мың ПЖӨЖАШТ жинап, кәдеге жаратты, оның ішінде 2016 жылы – 5,6 мың ПШКҚ; 2017 жылы – 41,4 мың ПШКҚ; 2018 жылы – 40,8 мың ПШКҚ; 2019 жылы – 36,7 мың ПШКҚ; 2020 жылы – 41,2 мың ПШКҚ және 120 ПЖӨЖАШТ; 2021 жылы – 50,0 мың ПШКҚ және 3380 ПЖӨЖАШТ.

Қоршаған ортаның автокөлікпен ластануы тіршілік циклі аяқталған кезде ғана емес, пайдалану процесінде де шиналар, майлар, аккумуляторлар және т.б. сияқты жекелеген тораптар мен компоненттердің тозуы орын алады. Автомобильдер санының өсуі автокомпоненттер қалдықтарының пропорционалды өсуіне әкеледі, олар да жинауды, тасымалдауды, қайта пайдалануға дайындауды, сұрыптауды, өңдеуді, қайта өңдеуді, залалсыздандыруды және (немесе) кәдеге жаратуды талап етеді.

Міндеттемелерді орындау шеңберінде 2016 жылдан 2021 жылға дейін «ӨКМ Операторы» ЖШС 81,8 мың тонна пайдаланылған аккумуляторлық батареялар, 5 мың тонна өзге де химиялық өнімдер (антифриз, мұзға қарсы құралдар), 62,373 мың тонна пайдаланылған майлар, 120 мың тоннадан астам пайдаланылған шиналар жинап, кәдеге жаратты.

Электрлік және электрондық жабдықтар

Электрондық және электрлік техника – қауіпті және тез өсетін қалдықтар тобы. Қалдықтардың бұл түрі бромирленген антипирендер, бромның органикалық қосылыстары, фталаттар, пластификаторлар және т.б. сияқты улы заттардың жоғары деңгейіне байланысты ерекше қауіп төндіреді. Электрондық қалдықтарды полигондарда жинақтау да, жағу да қоршаған орта үшін қауіпті болып табылады.

№ 2 Кесте

Автокомпоненттер мен электроника қалдықтарын жинау және кәдеге жарату, тоннамен

Қалдықтар түрі		2016 жыл	2017 жыл	2018 жыл	2019 жыл	2020 жыл	2021 жыл
АКБ	Жинау	7 000,0	13 653,5	20 000,0	16 244,3	17 493,3	7 650,2
	Кәдеге жарату	7 000,0	13 653,5	20 000,0	16 244,3	17 493,3	7 650,2
Антифриз	Жинау	0,0	2 300,0	2 600,0	0,0	0,0	138,7
	Кәдеге жарату	0,0	2 300,0	2 600,0	0,0	0,0	138,7
Май	Жинау	1 705,0	1 530,9	2 581,4	17 618,5	23 162,5	15 774,5
	Кәдеге жарату	1 705,0	1 530,9	2 500,1	15 634,7	23 162,5	15 774,5
Шиналар	Жинау	19 366,5	15 739,8	24 608,2	25 095,9	23 674,1	23 676,9
	Кәдеге жарату	19 366,5	14 847,4	24 990,3	23 019,7	23 674,1	23 676,9
Электроника	Жинау	0,0	2 461,3	4 665,9	0,0	0,0	0,0
	Кәдеге жарату	0,0	2 461,3	4 665,9	0,0	0,0	0,0
БАРЛЫҒЫ	**Жинау**	**28 071,5**	**35 685,5**	**54 455,5**	**58 958,7**	**64 329,9**	**47 240,3**
	Кәдеге жарату	**28 071,5**	**34 793,1**	**54 756,3**	**54 898,7**	**64 329,9**	**47 240,3**

Қаптама

Қатты тұрмыстық қалдықтардың (ҚТҚ) ішіндегі қайта өңдеу тұрғысынан ең көп таралған және құнды түрлерінің бірі – «қаптама» болып табылады. Қазақстандық қаптама нарығы құрылымдық жағынан полимерлі қаптамамен, қағаз және картон, шыны, металл ыдыс және тығындау құралдарымен ұсынылған. Қаптаманың ең экологиялық таза түрлері – қағаз-картон және алюминий қаптамасы. Қағаз-картон қаптамасы негізінен жаңартылатын шикізаттан – ағаштан алынатын целлюлозадан тұрады. Алюминий және шыны қаптамалар шексіз рет қайта пайдалануға толығымен жарамды.

№ 3 Кесте

Қаптама қалдықтарын жинау және кәдеге жарату, тоннамен[3]

[3] *Дереккөз – «ӨКМ Операторы» ЖШС ақпараты.*

Қалдықтар түрі		**2017 жыл**	**2018 жыл**	**2019 жыл**	**2020 жыл**	**2021 жыл**
Пластик	Жинау	5 716,04	8 994,94	9 799,40	7 501,45	9 009,45
	Кәдеге жарату	5 017,08	8 486,08	8 825,53	5 278,83	4 922,87
Қағаз	Жинау	33 200,74	31 475,69	14 946,10	18 471,27	89 702,78
	Кәдеге жарату	40 134,98	31 594,67	10 706,55	27 971,94	75 465,25
Шыны	Жинау	14 872,45	14 793,73	25 343,58	7 758,28	21 924,98
	Кәдеге жарату	2 700,00	22 771,87	22 377,17	11 403,10	12 859,51
КАШҚ	Жинау	0	12 070,94	0	–	–
	Кәдеге жарату	0	12 070,94	0	–	–
Қаңылтыр	Жинау	0	279,24	193,79	–	–
	Кәдеге жарату	0	279,24	193,79	–	–
Барлығы	**Жинау**	**53 789,23**	**67 614,54**	**50 282,87**	**33 731,00**	**120 637,21**
	Кәдеге жарату	**47 852,06**	**75 202,80**	**42 103,04**	**44 653,87**	**93 247,63**

Қазақстандық қаптама индустриясының үлкен мәселесі – импорттық шикізатқа тәуелділік және жоғары кедендік баждар. Осылайша, пайдаланылған қаптама қалдықтарын қайта өңдеу тек қалдықтарды кәдеге жарату мәселесін ғана шешіп қоймай, сонымен қатар саланың өндіріс өзіндік құнын төмендететін сұранысқа ие қайталама шикізатпен қамтамасыз етеді.

Сот шешімімен республикалық меншікке берілген, тұрақты органикалық ластағыштар бар иесіз қауіпті қалдықтар

ҚР-дағы маңызды экологиялық проблемалардың бірі – Кеңес Одағы кезеңінде қалыптасқан тарихи ластану объектілері.

Мұндай объектілер сотпен иесіз деп танылады және республикалық меншікке беріледі. Мұндай объектілерді тексеру барысында Қостанай облысы, Тургеневка ауылындағы уытты химикаттарда және «Дарьял-У» РЛС-нің полихлорланған дифенилдер (ПХД) бар қалдықтарында Стокгольм конвенциясымен реттелетін Тұрақты органикалық ластағыштардың (ТОЛ) бар

екендігі анықталды. Оператор аталған қалдықтарды қаптау, тасымалдау және мамандандырылған қоймаларда уақытша сақтау жұмыстарын жүргізді.

Мәселенің маңыздылығын ескере отырып, ҚР ЭК-да кәдеге жарату төлемдерінің қаражатын ТОЛ бар қалдықтарды жинауды, тасымалдауды, қайта пайдалануға дайындауды, сұрыптауды, өңдеуді, қайта өңдеуді, залалсыздандыруды, кәдеге жаратуды, жоюды ұйымдастыруға, қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен және шарттарда бағыттау мүмкіндігі көзделген.

Өнімдердің (тауарлардың) және қаптаманың қалдықтарын жинау, тасымалдау, қайта өңдеу, пайдалану және (немесе) кәдеге жарату жөніндегі қызмет үшін ақшалай төлемдердің мөлшерін айқындау, өнімдердің (тауарлардың) және қаптаманың қалдықтарын қайта өңдеу, пайдалану және (немесе) кәдеге жарату жөніндегі жұмыс істеп тұрған объектілердің (кәсіпорындардың) қуаттарын, сондай-ақ қалдықтардан өндірілетін өнімдердің түрлерін айқындау мақсатында 2020 жылы Ғылыми-зерттеу жұмыстары (ҒЗЖ) жүргізілді, оның негізінде «ӨКМ Операторы» ЖШС жеке ұйым ретінде контрагенттерге (жинаушылар, тасымалдаушылар, қайта өңдеуші-қаптаманы кәдеге жаратушылар) төлемдер жүргізді. Алайда, Қоғам үшін мемлекеттік ұйым ретінде ҚР Үкіметінің төлем ставкаларын және ҚР ЭТРМ-нің тиісті рәсімдерінің регламентін бекіту мәселесі тұр.

ӨКМ жүйесі «Ластаушы төлейді» қағидатына негізделген, оған сәйкес өндіруші/импорттаушы (ластаушы) өз өнімінің (тауарының) қалдықтарын жинауға, тасымалдауға, қайта пайдалануға дайындауға, сұрыптауға, өңдеуге, қайта өңдеуге, залалсыздандыруға және (немесе) кәдеге жаратуға, сондай-ақ ӨКМ операторының қызметін жүзеге асыруға және ӨКМ жөніндегі заңнамаға сәйкес өзге де шығыстарға қажетті барлық шығыстарды өтеуі тиіс. Мұндай тәсіл кезінде өндірушілерден/импорттаушылардан түсетін және қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, қайта пайдалануға дайындауға, сұрыптауға, өңдеуге, қайта өңдеуге, залалсыздандыруға және (немесе) кәдеге жаратуға бағытталатын қаржылық қаражат теңдестірілген күйінде қалады.

2020 жылғы ҒЗЖ-да қаптама қалдықтарын жинау, тасымалдау, қайта пайдалануға дайындау, сұрыптау, өңдеу, қайта өңдеу, залалсыздандыру және (немесе) кәдеге жарату үшін төлемдердің мөлшері кәдеге жарату төлемдерінің мөлшерінен бірнеше есе асып түседі. Бұл ӨКМ жүйесінің теңгерімсіздігіне әкеледі. Өнімдердің (тауарлардың) жекелеген түрлері бойынша өндірушілер/импорттаушылар кәдеге жарату алымын төлемейді, себебі «нөлдік» коэффициент көзделген, ал бұл өнімдерден (тауарлардан) туындайтын қалдықтар жинауға, тасымалдауға, қайта пайдалануға дайындауға, сұрыптауға, өңдеуге, қайта өңдеуге, залалсыздандыруға және (немесе) кәдеге жаратуға жатады. Сондай-ақ, көлік құралдары (КҚ) үшін кәдеге жарату төлемдерінің мөлшері 50%-ға төмендеуімен, өндірушілерден (импорттаушылардан) түсетін және ҚР ЭК 388-бабына сәйкес бағытталатын ақша ағындарының теңгерімсіздігі туындайды. Мұндай жағдай Қазақстандағы ӨКМ жүйесінің жұмыс істеуіне қауіп төндіруі мүмкін.

Жоғарыда айтылғандарға байланысты мынадай қажеттіліктер туындайды:

- ӨКМ таралатын өнімдердің (тауарлардың) тұтыну қасиеттерін жоғалтқаннан кейін түзілетін қалдықтарды жинауды, тасымалдауды, қайта пайдалануға дайындауды, сұрыптауды, өңдеуді, қайта өңдеуді және (немесе) кәдеге жаратуды ұйымдастыру үшін төлемдерді есептеу бойынша маркетингтік қызметтерді сатып алуды жүргізу арқылы өнімдердің (тауарлардың) қалдықтарын жинау, тасымалдау, қайта пайдалануға дайындау, сұрыптау, өңдеу, қайта өңдеу және (немесе) кәдеге жарату жөніндегі қызмет үшін төлемдердің мөлшерін есептеу;
- ӨКМ таралатын өнімдердің (тауарлардың) түрлері бойынша қалдықтарды жинау, тасымалдау, қайта пайдалануға дайындау, сұрыптау, өңдеу, қайта өңдеу және (немесе) кәдеге жарату жөніндегі шығыстарды ескере отырып, кәдеге жарату төлемдерінің мөлшерін өзектендіру.

Материалдық-техникалық базаны жетілдіру

Қалдықтарды тиімді қайта өңдеу оларды алдын ала түрлерге бөлусіз мүмкін емес, ол үшін Қатты тұрмыстық қалдықтарды (ҚТҚ) бөлек жинау және сұрыптау инфрақұрылымын қамтамасыз ету қажет. Осы бағыт шеңберінде «ӨКМ Операторы» ЖШС жергілікті атқарушы органдардың (ЖАО) мекенжайына қалдықтарды бөлек жинауға арналған контейнерлерді, оларға қызмет көрсету үшін қоқыс тасығыштарды, сондай-ақ ҚТҚ сұрыптау желілерін сатып алу және жеткізу арқылы Материалдық-техникалық базаны (МТБ) жетілдіру бойынша жұмыс жүргізді.

ҚР ЭТРМ деректері бойынша 2023 жылдың басына қарай республикадағы 207 қала мен ауданның 133-інде қалдықтарды бөлек жинау әртүрлі кезеңдерде енгізілген, ал сұрыптау – 103 қала мен ауданда енгізілген.

Қазіргі уақытта Қазақстанда бар сұрыптау желілері қолмен жинау технологияларын қолданады. 2020 жылы «ӨКМ Операторы» ЖШС өңірлерде ҚТҚ-ны бөлек жинауды және қол еңбегін айтарлықтай қысқартуға, еңбек шығындарын оңтайландыруға және тұтастай алғанда сұрыптау тиімділігін арттыруға мүмкіндік беретін автоматты сұрыптау желілерін енгізуді ұсынды. Қалдықтарды бөлек жинау және сапалы сұрыптау нәтижесі – қайталама шикізатты алу және, сәйкесінше, оны қайта шаруашылық айналымына тарту.

МТБ-ны жетілдіру жөніндегі жұмыс ҚР ЭТРМ, ЖАО және ӨКМ операторы ҚТҚ-ны бөлек жинауды және сұрыптауды енгізу жөнінде қол қойған жол карталары (бұдан әрі – жол карталары) шеңберінде жүргізілді.

Мәселен, 2020 жылы төрт жол картасы бойынша Өскемен, Семей, Ақтөбе қалаларының және Алматы облысының ЖАО мекенжайына келесідей техника мен жабдық түрлері жеткізілді:

№ 4 Кесте

ҚТҚ-ны бөлек жинауды және сұрыптауды енгізу жөніндегі жол карталарының орындалуы туралы ақпарат

	ҚТҚ-ны бөлек жинау	ҚТҚ-ны сұрыптау
Өскемен қ.	-Ауыр фракцияға арналған қоңырау типті контейнерлер (шыны) – 514 дана – 171,83 млн теңге; - Жеңіл фракцияға арналған еуроконтейнерлер	Қуаттылығы 100 мың тонна болатын автоматтандырылған ҚТҚ сұрыптау желісіне 2 660 000 Еуро. 2021 жылғы 20 желтоқсанда жабдықты

	ҚТҚ-ны бөлек жинау	ҚТҚ-ны сұрыптау
	(пластик/макулатура) – 760 дана – 56,66 млн теңге; - Артқы жағынан тиейтін қоқыс тасығыштар (еуроконтейнерлер үшін) – 4 дана – 142,56 млн теңге; -Кран-манипулятор қондырғысы бар қоқыс тасығыштар (қоңыраулар үшін) – 2 дана – 78,40 млн теңге.	жеткізу және әкімдікке беру толығымен аяқталды.
Семей қ.	- Жеңіл фракцияға арналған торлы контейнерлер (пластик/макулатура) – 1050 дана – 70,21 млн теңге; - Ауыр фракцияға арналған қоңырау типті контейнерлер (шыны) – 532 дана – 177,85 млн теңге; - Артқы жағынан тиейтін қоқыс тасығыштар (торлар үшін) – 4 дана – 177,28 млн теңге; - Кран-манипулятор қондырғысы бар қоқыс тасығыштар (қоңыраулар үшін) – 2 дана – 78,40 млн теңге.	Қуаттылығы 100 мың тонна болатын автоматтандырылған ҚТҚ сұрыптау желісіне 2 660 000 Еуро. 2022 жылғы 22 қаңтарда жабдықты жеткізу және әкімдікке беру толығымен аяқталды.
Ақтөбе қ.	- Жеңіл фракцияға арналған темір контейнерлер (пластик/макулатура) – 200 дана – 22,4 млн теңге (талап етілген 962 контейнердің 200-і берілді, жеткізу толық көлемде жүзеге асырылмады); - Ауыр фракцияға арналған қоңырау типті контейнерлер (шыны) – 481 дана – 160,80 млн теңге; - Артқы жағынан тиейтін қоқыс тасығыштар (торлар үшін) – 4 дана – 185,92 млн теңге; - Кран-манипулятор қондырғысы бар қоқыс тасығыштар (қоңыраулар үшін) – 2 дана – 78,40 млн теңге.	Қуаттылығы 60 мың тонна болатын жартылай автоматтандырылған ҚТҚ сұрыптау желісіне 1 680 000 Еуро. 2022 жылғы 22 қаңтарда жабдықты жеткізу және әкімдікке беру толығымен аяқталды.
Алматы облысы	- Ауыр фракцияға арналған қоңырау типті контейнерлердің 902 данасы – 375 млн теңге.	-

Қатты тұрмыстық қалдықтарды бөлек жинау инфрақұрылымын дамыту шеңберінде Өскемен қаласында қуаттылығы жылына 100 мың тоннаға дейінгі қоқыс сұрыптау кешені іске қосылды. Жабдықтың құны 2,66 млн еуроны

құрады. Үшжақты шарт негізінде жабдықты жеткізуші «SABO S.A.» (Грекия) компаниясы, қаржыландырушы ұйым – ӨКМ Операторы, ал жабдықты алушы – Өскемен қаласының Әкімдігі болды.

Сондай-ақ, Өскемен қаласында қатты тұрмыстық қалдықтарды бөлек жинау жүйесін енгізу жөніндегі жол картасы жобасы шеңберінде 1 274 бірлік еуроконтейнер, оны әкету үшін 6 бірлік арнайы техника сатып алынды.

2022 жылы Ақмола облысының Аққөл ауданында Syctom және Biotech (Франция) компанияларының қолдауымен тағам қалдықтарын қайта өңдеу жобасы іске қосылды. Жоба шеңберінде ауданның әлеуметтік объектілерінде қуаттылығы жылына 125 тоннаға дейінгі органикалық қалдықтарға арналған 5 электрлік компостер орнатылды және іске қосылды.

Семей және Ақтөбе қалаларының ЖАО тарапынан жер учаскелерін бөлу, жобалық-сметалық құжаттаманы әзірлеу және қоқыс сұрыптау кешеніне арналған ғимараттарды салу (оған ӨКМ Операторы жеткізген ҚТҚ сұрыптау желілері монтаждалады) және қажетті инженерлік желілерді қосу бойынша міндеттемелер орындалмайды, осыған байланысты қоқыс сұрыптау кешендерін іске қосу белгісіз мерзімге кейінге қалдырылады.

Сонымен қатар, 2020-2021 жылдар кезеңінде ҚР ЭГТРМ және ӨКМ Операторы Павлодар облысының (Павлодар қ., Екібастұз қ.) және Ақмола облысының (Қосшы қ., Бурабай кенті бар Щучинск қ., Аққөл қ.) ЖАО-мен де жол карталарына қол қойды.

Алайда, ЖАО жол карталарының бастапқы іс-шараларын – ЖАО-ның ҚТҚ-ны басқару бойынша ағымдағы жағдай және МТБ-ға қажеттілік көрсетілетін МТБ бағдарламасын әзірлеу және бекіту, сондай-ақ оны ҚР ЭТРМ және ӨКМ Операторымен келісуді орындамауына байланысты, Оператор РОП тарапынан техника мен жабдықты сатып алу және жеткізу түріндегі жол карталарының одан әрі іс-шараларын іске асыру басталған жоқ.

Қалдықтарды басқарудағы ең маңызды проблемалар мыналар болып табылады:

1. ҚТҚ-ны бөлек жинау, тасымалдау, қайта пайдалануға дайындау, сұрыптау, өңдеу, қайта өңдеу және (немесе) кәдеге жарату инфрақұрылымының дамымауы.
2. ҚТҚ морфологиялық құрамының күрделілігі мен біртекті еместігі, бұл оларды жинау, тасымалдау, қайта пайдалануға дайындау, сұрыптау, өңдеу, қайта өңдеу, залалсыздандыру және (немесе) кәдеге жарату үшін оңтайлы технологияны таңдауды қиындатады.
3. ЖАО тарапынан ӨКМ Операторының іс-қимылын жеткіліксіз қолдау, сондай-ақ ЖАО деңгейінде қалдықтарды басқару саласын дамыту бойынша кешенді тәсілдің (пайымның) болмауы.

2.2. ҚР-да экологиялық таза АКҚ және ӨЖАШТ өндірісі мен пайдаланылуын ынталандыру

ҚР-да экологиялық таза Автокөлік құралдарын (АКҚ) (Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламентімен белгіленген экологиялық класқа сәйкес келетін; электр қозғалтқыштары бар) және олардың компоненттерін, сондай-ақ техникалық регламенттермен айқындалған экологиялық талаптарға сәйкес келетін Өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы

техникасының (ӨЖАШТ) өндірісін дамыту мақсатында 257,9 мың бірлікке жуық АКҚ және ӨЖАШТ өндірісін ынталандыру бойынша жұмыс жүргізілді.

АКҚ-ның экологиялық класқа және ӨЖАШТ-ның техникалық регламенттерге сәйкестігі объектілердің қоршаған ортаға теріс әсер ету дәрежесін айқындайды, бұл ретте оған әсердің болмауын білдірмейді. Алайда, қазіргі уақытта ынталандырудың бұл бағытының экологиялық әсерін бағалау тетігі жоқ, осыған байланысты нәтижелілікке талдау жүргізу мүмкін емес.

КҚ және ӨЖАШТ паркін жаңартуға жәрдемдесу тұтынушылық сұранысты ынталандыру арқылы өңдеу өнеркәсібіндегі жобаларды қаржыландыру арқылы да жүзеге асырылады. ҚР Үкіметінің 02.09.2021 ж. № 604 қаулысына сәйкес 2022 жылы қаржыландыру көлемі өңдеу өнеркәсібіндегі қоршаған ортаның жай-күйін жақсартуға бағытталған жобаларды қаржыландыру үшін 160 млрд теңгені құрады, оның ішінде:

- 100 млрд теңге сомасында отандық өндірістегі жеңіл автокөліктерді сатып алушы жеке тұлғаларды қаржыландыру үшін екінші деңгейдегі банктерді шартты қаржыландыру шеңберінде Қазақстан Республикасындағы көлік құралдарының жаңартылуы;
- 30 млрд теңге сомасында Қазақстан Республикасындағы ӨЖАШТ жаңартылуы;
- 30 млрд теңге сомасында жергілікті атқарушы органдар жанындағы әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорацияларды және/немесе отандық өндірістегі автобустарды сатып алатын тасымалдаушыларды шартты қаржыландыру шеңберінде Қазақстан Республикасындағы көлік құралдарының жаңартылуы.

Сондай-ақ, ҚР Үкіметінің 19.09.2023 ж. № 813 қаулысына сәйкес 2023 жылы ӨКМ Операторы тарапынан ҚР-да отандық өндірістегі ӨЖАШТ-ға тұтынушылық сұранысты ынталандыру арқылы техниканы жаңартуға байланысты өңдеу өнеркәсібіндегі жобаларды 20 млрд теңге мөлшерінде қаржыландыру көзделген.

1. Жеңіл автокөліктерді сатып алуды жеңілдікті қаржыландыру

Автомобильдер саны. 2022 жылы өндірілген жеңіл автомобильдердің жалпы саны 103 399 бірлікке жетті, оның ішінде жеңілдікті автонесие бағдарламасы шеңберінде 12 592 бірлік сатып алу қаржыландырылды, бұл жалпы көлемнің 12%-ын құрады. 2023 жылдың 1-жартыжылдығында өндірілген жеңіл автомобильдердің жалпы саны 66 316 бірлікті құрады, оның ішінде жеңілдікті автонесие бағдарламасы шеңберінде 751 бірлік сатып алу қаржыландырылды, бұл жалпы көлемнің 1,1%-ын құрайды.

Жұмыс орындарының саны. Жеңілдікті автонесие бағдарламасы басталғанға дейін 2022 жылдың басына қарай жеңіл автомобильдер өндіру жөніндегі кәсіпорындардағы жұмыс орындарының жалпы саны 2 584 бірлікті құрады. 2022 жылдың қорытындысы бойынша жұмыс орындарының саны 956 бірлікке артып, 2023 жылдың басына қарай 3 540 жұмыс орнына жетті. Осылайша, жұмыс орындарын құру бойынша өсім 37%-ға жетті. Жеңілдікті автонесие бағдарламасының жеңіл автомобильдер өндірісінің жалпы көлеміндегі үлесіне сәйкес, бұл бағдарлама шеңберінде 115 жұмыс орны құрылды деп қорытынды жасауға болады.

Төленген салықтар. 2022 жылы жеңіл автомобильдер өндіру жөніндегі кәсіпорындардан бюджетке төленген салықтар мен басқа да міндетті төлемдердің жалпы көлемі 23 297 млн теңгені құрады, 2023 жылдың 1-жартыжылдығында төленген салықтардың көлемі 19 335 млн теңгені құрады.

Өзге ақпарат. Отандық жеңіл автомобильдерді сататын дилерлік орталықтардың жалпы саны бүкіл Қазақстан бойынша 115-ке жуыққа жетті.

2. Ауыл шаруашылығы техникасын сатып алуға жеңілдікті лизингтік қаржыландыру

ӨЖАШТ саны. 2022 жылы өндірілген тракторлар мен комбайндардың жалпы саны 5 351 бірлікті құрады, оның ішінде ӨЖАШТ-ны жеңілдікті қаржыландыру бағдарламасы шеңберінде 1 072 бірлік сатып алу қаржыландырылды, бұл жалпы көлемнің 20%-ын құрады. 2023 жылдың 1-жартыжылдығында өндірілген тракторлар мен комбайндардың жалпы саны 3 567 бірлікті құрады, оның ішінде ӨЖАШТ-ны жеңілдікті қаржыландыру бағдарламасы шеңберінде 22 бірлік сатып алу қаржыландырылды, бұл жалпы көлемнің 0,6%-ын құрайды.

Жұмыс орындарының саны. Жеңілдікті лизингтік қаржыландыру бағдарламасы іске қосылғанға дейін 2022 жылдың басына қарай ӨЖАШТ өндіру жөніндегі кәсіпорындардағы жұмыс орындарының жалпы саны 1 588 бірлікті құрады. 2022 жылдың қорытындысы бойынша жұмыс орындарының саны 72 бірлікке артып, 2023 жылдың басына қарай 1 660 жұмыс орнына жетті. Осылайша, жұмыс орындарын құру бойынша өсім шамамен 5%-ға жетті. 72 бірлік мөлшеріндегі жаңа жұмыс орындарын құру жеңілдікті лизингтік қаржыландыру бағдарламасының іске қосылуымен байланысты.

Төленген салықтар. 2022 жылы ауыл шаруашылығы техникасын өндіру жөніндегі кәсіпорындардан бюджетке төленген салықтар мен басқа да міндетті төлемдердің жалпы көлемі 8 044 млн теңгені құрады, 2023 жылдың 1-жартыжылдығында төленген салықтардың көлемі 6 553 млн теңгені құрады.

Өзге ақпарат. Отандық тракторлар мен комбайндарды сататын дилерлік орталықтардың жалпы саны бүкіл Қазақстан бойынша 81-ге жуыққа жетті.

3. Автобустарды сатып алуға жеңілдікті лизингтік қаржыландыру

Отандық өндірістегі автобустарды сатып алуға жеңілдікті лизингтік қаржыландыру іс жүзінде 2023 жылдың 2-тоқсанында басталды. Осыған байланысты, қазіргі уақытта оны іске асырудың Қазақстан экономикасына әкелетін экономикалық және мультипликативтік әсерін бағалау мүмкін болмады.

Экологиялық таза АКҚ және ӨЖАШТ өндірісін ынталандыру экологияны жақсарту тұрғысынан ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік міндеттерді шешу тұрғысынан да маңызды. Жеңілдікті автонесие бағдарламасын іске асыру нәтижесінде халықтың тиімді шарттармен жаңа КҚ сатып алу мүмкіндігі пайда болды. Алайда, халық үшін айқын оң әсеріне қарамастан, нарықтықтан төмен ставка бойынша қаржыландыру ХҚЕС талаптарына сәйкес ӨКМ Операторының қаржылық көрсеткіштеріне теріс әсер етеді.

Жеңілдік сертификаттарын қаржыландыру

«ӨКМ Операторы» ЖШС-нен Қоғамға 318 пайдаланылмаған жеңілдік сертификаты берілді, оларды өтеу 2022 жылдың қазан айында басталды. Есепті жылдың соңына қарай жеңілдік сертификаттарының 192 иесіне отандық өндірістегі жаңа экологиялық таза КҚ және АШТ сатып алуға жеңілдік берілді.

Сондай-ақ, есепті жылы Пайдаланудан шыққан көлік құралдарын (ПШКҚ) кәдеге жаратуға тапсырғаны үшін халыққа 378 өтінім бойынша ақшалай өтемақы төленді.

ЭЗС желісін құру

Экологиялық таза АКҚ және ӨЖАШТ өндірісін ынталандырудан басқа, Оператордың КҚ-ның қоршаған ортаға теріс әсерін төмендету жөніндегі қызметінің бағыттарының бірі – электр көлігінің кең таралуы үшін қажетті Электр зарядтау станциялары (ЭЗС) желісін құру және дамыту болып табылады. Мәселен, 2017 жылы Оператор ҚР-да ЭЗС инфрақұрылымын дамыту бойынша пилоттық жобаны іске асыруды бастады.

2018 жылы пилоттық жобаны дамыту үшін «ЭЗС Операторы» ЖШС құрылды, оған үш негізгі көрсеткіш – сервистік қызмет көрсету, инфрақұрылымды дамыту және ЭЗС маркетингі бойынша ЭЗС желісін құруға арналған мақсатты қаражат бөлінді. ЭЗС Операторы 2018-2019 жылдары ҚР бойынша 102 бірлік ЭЗС орнатып, пайдалануға берді, оның ішінде Астана қаласында 50 және Алматы қаласында 52. Орнатылған зарядтау станцияларының 100 бірлігі F4-51 (баяу) және 2 бірлігі TG50/100 (жылдам) үлгілерінен тұрады.

Кадр саясаты

Қызметкерлердің тиісті еңбек жағдайларын қамтамасыз ету мақсатында: еңбек тәртібін, еңбекақы төлеуді, қызметті бағалауды, сыйлықақы беру тәртібі мен шарттарын, қызметкерлерге және Басқарма мүшелеріне әлеуметтік қолдауды, персоналды іріктеуді және кадрлық әкімшілендіруді, Қоғамдағы негізгі лауазымдарға персоналды келісуді және тағайындауды (сайлауды), бос лауазымдарға конкурстық іріктеуді және персоналды бейімдеуді, қызметкерлерге тәртіптік жаза қолдануды, Қоғам қызметкерлерінің біліктілігін арттыруды, кәсіптік даярлауын және дамуын реттейтін тиісті ішкі нормативтік құжаттар бекітілді.

Кадр саясаты Қоғам Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 23 желтоқсандағы шешімімен (№14 хаттама) бекітілді, саясат Қоғамдағы адами ресурстарды басқару саласындағы қағидаттар мен негізгі бағыттарды белгілейді. Кадр саясаты жоғары қызмет нәтижелеріне қол жеткізуге және заңдылық қағидаттарын сақтауға бағытталған тиімді корпоративтік мәдениет арқылы Қоғамның стратегиялық мақсаттарына қол жеткізуді қамтамасыз ететін маңызды интеллектуалдық және кәсіби ресурс ретіндегі кадрлық әлеуетті қалыптастыруға бағытталған.

Қоғам тұрақты негізде корпоративтік мәдениетті дамыту және корпоративтік құндылықтарды қолдау бойынша іс-шаралар өткізеді. Қоғамның қызметкерлері жұмысқа қабылданған кезде кәсіби қызметтің және

корпоративтік мәдениеттің бағдарлары көрсетілген Кадр саясатын міндетті түрде зерделейді.

ҚР Экология және табиғи ресурстар министрлігінің ұсынымдары бойынша компания қызметкерлерін «Эколог күніне» және «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне» орай Құрмет грамоталарымен және Алғыс хаттармен марапаттау үшін ұсыныстар енгізіледі.

Нарықтық сыйақы жүйесін енгізу, персоналдың өнімділігін тиімді басқару, Қоғам қызметкерлерін ынталандыру және сыйақы беру жүйесін құру мақсатында 2022 жылы грейдтік еңбекақы төлеу жүйесін енгізу бойынша жұмыс басталды.

Жүргізілген жұмыстың нәтижесі Қоғамның стратегиялық мақсаттарына қол жеткізуге, персоналдың әлеуеті мен адалдығын арттыруға ықпал ететін ашық, әділ және тиімді еңбекақы төлеу жүйесін орнату болды.

Лауазымдарды грейдтеуге негізделген еңбекақы төлеу жүйесінің негізгі қағидаты – ішкі әділдікті және сыртқы бәсекеге қабілеттілікті қамтамасыз ету.

Бизнес-процестерді цифрландыру және автоматтандыру

2021 жылы «ӨКМ Операторы» ЖШС «EcoQolday» автоматтандырылған ақпараттық жүйесі (ААЖ) арқылы мамандандырылған кәсіпорындарды қаржыландырудың цифрлық моделін енгізді, ол өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері таралатын өнімдердің (тауарлардың) қалдықтарын жинау, тасымалдау, қайта өңдеу және кәдеге жарату бағытындағы жұмыс істеп тұрған кәсіпкерлер үшін де, өз бизнесін бастағысы келетіндер үшін де платформа болды.

«EcoQolday» жобасына қатысушылардың өзара іс-қимылының цифрлық моделін енгізу бүкіл Қазақстан бойынша қайталама шикізатты жинау географиясын кеңейтуге және оларды қайта өңдеу көлемін ұлғайтуға мүмкіндік берді.

ААЖ жұмыс істеген 11 ай ішінде 110 мың тоннадан астам қайталама шикізат жиналып, қайта өңдеуге жеткізілді, оның 73%-ы картон және қағаз қалдықтары, 18%-ы шыны сынықтары және айналымдағы шыны бөтелкелер қалдықтары, және 9%-ы пластмасса қаптама қалдықтары.

Өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері операторының функциялары Қоғамға берілуімен, Қоғам ААЖ арқылы қаптама, автокомпоненттер (пайдаланылған шиналар, майлар және аккумуляторлар), электрондық және электрлік жабдықтар қалдықтарын жинау, тасымалдау, қайта пайдалануға дайындау, сұрыптау, өңдеу, қайта өңдеу және (немесе) кәдеге жарату бойынша контрагенттермен өзара іс-қимылды жалғастырады. Осыған байланысты, Қоғам функционалдылықты кеңейту бөлігінде автоматтандырылған ақпараттық жүйені жетілдіру бойынша жұмыстар жүргізуде – жүйе арқылы құжаттарды қабылдау және есептілікті автоматтандыру процестері. Осы бизнес-процестерді автоматтандыру тиімділікті арттыруға, қателерді азайтуға көмектеседі, бұл Қоғамның контрагенттермен неғұрлым жедел өзара іс-қимылына ықпал етеді.

2.3. Халықтың экологиялық мәдениеті

Қалдықтарды басқарудың кешенді жүйесін дамытудың маңызды шарттарының бірі – түзілу көздеріндегі тұрмыстық қалдықтарды бөлек

жинауды жолға қою. Алайда, қалдықтарды бөлек жинау үшін инфрақұрылымды дамыту бойынша қабылданып жатқан шаралар халықтың тиісті экологиялық білімі мен тәрбиесінсіз тиімді болмайды. Халықтың елеулі бөлігі бөлек жинау қажеттігін түсінбей, тұрмыстық қалдықтарды бөлмей жинауды жалғастыруда. Бұл ретте, мемлекетте халықтың тұрмыстық қалдықтарды «дұрыс» жинауын бақылаудың тиімді құралдары жоқ.

Қазіргі ахуал экологиялық тәрбие беру, қазақстандықтар арасында табиғи ресурстарға жауапкершілікпен және ұтымды қарау, одан әрі қайта өңдеу үшін тұрмыстық қоқысты бөлек жинауды енгізу қажеттілігін түсіну бөлігінде кең ауқымды жұмыстар жүргізу қажеттігін айқындайды.

Халықтың қалдықтармен жұмыс істеудегі сана-сезімін арттыру экологиялық әл-ауқаттың негізін қалайды. Халықтың экологиялық санасы мен мәдениеті қатты тұрмыстық қалдықтарды (ҚТҚ) бөлек жинауды табысты енгізуде маңызды рөл атқарады. Бүкіл әлемде экологиялық білім беру тұрақты дамуға және ел экономикасының «жасыл өсуіне» апаратын жолдағы маңызды кезең болып табылады. Сондықтан, балалардың ерте жастан қалдықтарды бөлек жинау дағдысын қалыптастыру маңызды.

Қоғамда экологиялық мәдениетті қалыптастыру, білім берудің барлық деңгейлерінде экологиялық білімді насихаттау, тұрақты дамуды қамтамасыз ету мақсатында экологиялық білім беру мен ағартуды дамыту экологиялық заңнаманың міндеттерінің бірі болып табылады.

Экологиялық білім беру деп тұрақты даму қағидаттарына негізделген, әр адамның белсенді өмірлік ұстанымын қалыптастыруға және тұтастай алғанда қоғамда экологиялық мәдениетті арттыруға бағытталған оқытудың, тәрбиелеудің және тұлғаны дамытудың үздіксіз интеграцияланған процесі түсініледі.

2.4.SWOT-талдау

№ 5 Кесте

SWOT-талдау

Күшті жақтары	**Әлсіз жақтары**
• Өндірушілердің кеңейтілген міндеттемелері (ӨКМ) жөніндегі бірыңғай мемлекеттік оператор мәртебесі • Өндірушілер мен импорттаушылар үшін кәдеге жарату төлемдерінің міндеттілігі • Қойылған міндеттерді шешу үшін құралдардың заңнамалық тұрғыда айқындалуы	• ӨКМ Операторының ақпараттық жүйелерінің басқа мемлекеттік ақпараттық жүйелермен жеткіліксіз интеграциялануына байланысты кәдеге жарату төлемдерінің түсімдерін әлсіз әкімшілендіру • Бірыңғай мемлекеттік ӨКМ операторының функцияларын тиімді жүзеге асыру мақсатында заңнамалық базаны жетілдіру қажеттілігі
Мүмкіндіктер	**Қауіптер**
• Үздік халықаралық тәжірибені ескере отырып, бірыңғай мемлекеттік ӨКМ операторын дамыту • Қалдықтарды басқару саласындағы отандық бизнесті дамытуды ынталандыру • Қалдықтарды басқару саласындағы инфрақұрылымды құру • Қалдықтарды қайта өңдеу және кәдеге жарату саласына тікелей инвестициялар тарту үшін жағдай жасау • Қалдықтарды қайта өңдеу және кәдеге жарату саласына шетелдік жаңа технологияларды трансферттеу үшін жағдай жасау • Отандық өндірушілер тарапынан қайталама шикізатқа сұраныстың болуы	• Орталық мемлекеттік органдар, ЖАО, Оператор және оның контрагенттері арасындағы рөлдер мен функцияларды айқындай отырып, өзара іс-қимылдың нақты моделінің болмауы • Кәдеге жарату төлемдерінің әділ ставкаларын белгілеу, қалдықтарды басқару саласын қаржылық және қаржылық емес қолдау шараларын айқындау мақсатында ғылыми-талдамалық зерттеулердің және модельдеудің болмауы • Заңнамаға аса қажетті өзгерістер енгізудің ұзақ процесі • Халықтың ҚТҚ-ны бөлек жинау бөлігіндегі экологиялық санасы мен мәдениетінің төмен деңгейі • «ӨКМ Операторы» ЖШС-нің теріс беделінің Қоғамға проекциялануы • Статистикалық ақпараттың бытыраңқылығы, бұрмалануы немесе болмауы • Кәдеге жарату төлемдерінің ставкалары мен тиісті төлемдерге арналған шығыстар арасындағы теңгерімсіздік

3.Стратегиялық бағыттар мен мақсаттар

3.1. Стратегиялық бағыт 1. ӨКМ таралатын өнімдердің (тауарлардың) қалдықтарын басқару жүйесін жетілдіру

Стратегиялық мақсат 1.1. *ӨКМ таралатын өнімдердің (тауарлардың) қалдықтарымен жұмыс істеу бойынша қолжетімді, кешенді және тиімді жүйені ұйымдастыру.*

Бизнес пен халық арасында қалдықтарды басқару жөніндегі қызметтің тартымдылығын арттыру мақсатында ӨКМ таралатын өнімдердің (тауарлардың) және оның (олардың) қаптамасының қалдықтарын жинауды, тасымалдауды, қайта пайдалануға дайындауды, сұрыптауды, өңдеуді, қайта өңдеуді, залалсыздандыруды және (немесе) кәдеге жаратуды ұйымдастыру, өнімдердің (тауарлардың) тұтыну қасиеттерін жоғалтқаннан кейін түзілетін қалдықтар үшін кәсіпорындарға, жинаушыларға және қайта өңдеуші-кәдеге жаратушыларға төлемдерді төлеу бойынша жұмыстар жалғастырылады.

Бизнес-процестерді цифрландыру және контрагенттердің ӨКМ Операторымен жұмысын жеңілдету мақсатында қаптама қалдықтарын жинауды, тасымалдауды, қайта пайдалануға дайындауды, сұрыптауды, өңдеуді, қайта өңдеуді және (немесе) кәдеге жаратуды ұйымдастыру үшін автоматтандырылған ақпараттық жүйе іске қосылады, онда жаңа қалдық түрлері – автокомпоненттер қалдықтары, электрондық және электрлік жабдықтар қалдықтары енгізілетін болады.

Қалдықтарды әкетуді жүзеге асыратын КҚ есебі бойынша автоматтандырылған ақпараттық жүйені енгізу, оның жолдардағы заттар интернетінің интеллектуалды құрылғыларымен интеграциялануы, сондай-ақ гео-деректерді алу нақты уақыт режимінде КҚ тіркеуді, жол жүруді бастауды, маршрутты, жол жүру уақытын, тоқтауларды, қалдықтарды түсіру бойынша жергілікті жерді және басқа да құрамдас бөліктерді есепке алуды жүргізуге мүмкіндік береді. Қажет болған жағдайда, ҚР Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 6 қаңтардағы № 4 бұйрығымен бекітілген қалдықтарды жинау, сұрыптау және (немесе) тасымалдау, қауіпті емес қалдықтарды қалпына келтіру және (немесе) жою жөніндегі қызметті бастау немесе тоқтату туралы хабарлама нысанына қалдықтарды тасымалдайтын автокөлік құралдарының мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгілерін және оған орнатылған қозғалысты бақылау құрылғылары туралы мәліметтерді міндетті түрде көрсету бөлігінде өзгерістер енгізу бастамашылық етілетін болады. Бұл шаралар қалдықтарды тасымалдау саласының ашықтығын арттыруға және рұқсат етілмеген қоқыс үйінділерінің пайда болуының алдын алу бойынша тиімді құрал алуға мүмкіндік береді.

ҚТҚ-ның қайта өңдеуге және қайта пайдалануға әлеуетті мүмкін болатын фракцияларының үлесін арттыру түзілу көзінде қалдықтарды бөлек жинау мүмкіндігін қамтамасыз ету және МТБ-ны дамыту арқылы қол жеткізілетін болады.

Сонымен қатар, қалдықтарды қайта өңдеу қажеттіліктеріне талдау жасау, бұл салаға инвестициялар тарту және технологияларды трансферттеу

бойынша жұмыстар ұйымдастырылады. Бірінші кезекте, қайта өңдеу қуаттылықтары қазіргі уақытта Қазақстанда жоқ немесе жеткіліксіз болып табылатын қалдықтар түрлерін қайта өңдеуге назар аударылатын болады.

Инвестицияларды тарту, оның ішінде «Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген тетіктерді қолдану арқылы жүзеге асырылады.

ҚР ЭК 365-бабына және ҚР Экология және табиғи ресурстар министрінің «Жергілікті атқарушы органдарға коммуналдық қалдықтарды басқару бағдарламасын әзірлеу бойынша әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы» 2023 жылғы 18 мамырдағы № 154-П бұйрығына сәйкес, ЖАО коммуналдық қалдықтарды басқару бағдарламаларын (бұдан әрі – Бағдарламалар) әзірлейді, ал жергілікті өкілді органдар бекітеді.

Қоғам «Жасыл даму» акционерлік қоғамының Қазақстан Республикасында қалдықтарды жинау, тасымалдау, қайта пайдалануға дайындау, өңдеу, сұрыптау, қайта өңдеу және (немесе) кәдеге жарату технологияларын енгізу, қайта пайдалануға дайындау, өңдеу, қайта өңдеу, сұрыптау және (немесе) қалдықтарды кәдеге жарату жөніндегі зауыттарды (өндірістерді) салу, қалдықтарды жинауды, тасымалдауды, қайта пайдалануға дайындауды, сұрыптауды, өңдеуді, қайта өңдеуді және (немесе) кәдеге жаратуды жүзеге асыратын ұйымдардың материалдық-техникалық базасын жетілдіру, қалдықтарды энергетикалық кәдеге жаратуды ұйымдастыру үшін қаржы институттарын қаржыландыру қағидаларын (бұдан әрі – Қағидалар) әзірлеп, ҚР ЭТРМ және Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігіне келісуге жіберді.

Атап айтқанда, қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органмен келісілген Бағдарламалар шеңберінде Әкімдіктер айқындаған қалдықтарды басқару саласындағы жұмылдырылған ұйымдар Бағдарламада көрсетілген мақсаттарды іске асыру үшін қалдықтарды басқару саласын жетілдіруге бағытталған жобаларды (бұдан әрі – Жобалар) әзірлейді деп болжанады.

Жобаларды қаржыландырудың мақсаты – мамандандырылған техника мен жабдықты (қалдықтарды бөлек жинауға арналған контейнерлер және оларға қызмет көрсетуге арналған қоқыс тасығыштар), қоқыс сұрыптау кешендерін және қалдықтарды қайта өңдеу зауыттарын салу арқылы, дайын өнімді ала отырып, қалдықтарды басқару саласының инфрақұрылымын дамыту және қатты тұрмыстық қалдықтарды бөлек жинау және сұрыптау жүйесін енгізу.

Бағдарламалар шеңберінде әзірленген Жобаларды іске асыруды бақылау Әкімдіктерге жүктеледі. Жобаларды іске асыруға бағытталған қаражаттың нысаналы пайдаланылуын бақылау қаржы институттарына жүктеледі.

Қағидалар бекітілгеннен кейін, олардың іс-қимылдары мен міндеттерін айқындау, сондай-ақ Жобаларды іске асыру үшін олардың іс-қимылдарын үйлестіру мақсатында Әкімдіктермен меморандумдар, сондай-ақ кейіннен қаржыландыруды жүзеге асыру үшін Қаржы институттарымен келісімдер жасасу көзделеді.

Түпкілікті қарыз алушы үшін кредиттік ставка жылдық 5,01 % (бес бүтін жүзден бір пайыз)-дан аспайды. Бұл ставка екінші деңгейдегі банктер жіберген

жауаптардың (қоса беріледі), сондай-ақ «ДАМУ» қоры ұсынған шағын және орта бизнесті қолдау бағдарламалары ұсынған шарттардың (түпкілікті қарыз алушы үшін жылдық 6 % (алты пайыздан) аспайды) негізінде айқындалды.

Қағидалар мүдделі мемлекеттік органдармен келісілгеннен кейін, бұл құжат Қоғамның Директорлар кеңесінің келісуіне және одан әрі ҚР ЭТРМ-нің бекітуіне енгізілетін болады.

Күтілетін нәтижелер:

1) 2024 жылы кәдеге жарату төлемдері төленген қаптама импорты мен өндірісі массасынан қаптама қалдықтарын жинау және қайта өңдеу үлесін 17,3% мөлшерінде қамтамасыз ету;

2) EcoQoldau ААЖ жүйесінде жинаушылардан қайта өңдеушілерге қалдықтарды қабылдау-тапсыру актілеріне сәйкес есептелген жиналған және қайта өңдеуге берілген қаптама қалдықтарының массасының жыл сайынғы өсуін қамтамасыз ету;

3) 2024 жылы кәдеге жарату төлемдері төленген автокомпоненттер импорты мен өндірісі массасынан автокомпоненттер (АКБ, шиналар, майлар) қалдықтарын жинау және қайта өңдеу үлесін 14,3% мөлшерінде қамтамасыз ету;

4) EcoQoldau ААЖ жүйесінде толық циклді кәсіпорындардың қорларын есептен шығару актілеріне сәйкес есептелген жиналған және қайта өңдеуге есептен шығарылған автокомпоненттер (АКБ, шиналар, майлар) қалдықтарының массасының жыл сайынғы өсуін қамтамасыз ету;

5) ҚР ЭК 388-бабы 1-тармағының 10) тармақшасын іске асыру тәртібімен шарттық міндеттемелердің толық орындалуын қамтамасыз ету;

6) Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен және шарттарда қоршаған ортаның жай-күйін жақсартуға бағытталған өңдеу өнеркәсібіндегі жобаларды одан әрі қаржыландыру үшін дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлесінің) елу және одан да көп пайызы тікелей немесе жанама түрде мемлекетке және (немесе) ұлттық басқарушы холдингке тиесілі ұйымды қаржыландыру көлемі 2023 жылы – 20 000 млн теңгені, 2024-2027 жылдарға жалпы қаржыландыру көлемі 200 000 млн теңгеге жуықты құрайды.

Стратегиялық мақсат 1.2. *Тұрақты органикалық ластағыштар (ТОЛ) бар қалдықтарды басқару бойынша тиімді жүйені ұйымдастыру*

ҚР ЭК талаптарына сәйкес, қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган өндірушілер мен импорттаушылардан ӨКМ операторының банк шотына кәдеге жарату төлемі түрінде түскен ақшаны ТОЛ бар қалдықтарды жинауды, тасымалдауды, қайта пайдалануға дайындауды, сұрыптауды, өңдеуді, залалсыздандыруды, кәдеге жаратуды, жоюды ұйымдастыруға бағыттаудың тәртібі мен шарттарын бекітеді. Алайда, Стокгольм конвенциясының талаптарына сәйкес, бұл қалдықтар тек жойылуға тиіс және ТОЛ-ды қайта өндіруге, рециркуляцияға, кәдеге жаратуға, тікелей қайта пайдалануға немесе баламалы түрде пайдалануға әкелуі мүмкін тәсілмен жойылмауы керек. Осылайша, Кодекстің 388-бабы 1-тармағының 14) тармақшасында көзделген ТОЛ-бар қалдықтармен жұмыс істеу жөніндегі

норма Стокгольм конвенциясының талаптарына қайшы келеді, бұл оны қолдануға мүмкіндік бермейді.

Кәдеге жарату төлемдері қаражаты есебінен ТОЛ-бар қалдықтарды жою жөніндегі іс-шараларды қаржыландыру мүмкіндігі үшін ҚР ЭК 388-бабы 1-тармағының 14) тармақшасында көзделген ТОЛ-бар қалдықтармен жұмыс істеу жөніндегі норма мен Стокгольм конвенциясының талаптары арасындағы қайшылықты жою жұмысы жүргізілетін болады. ҚР заңнамасына тиісті өзгерістер қабылданғаннан кейін, Қоғам кәдеге жарату төлемдерінің қаражаты есебінен мынадай объектілерде ТОЛ-бар қалдықтарды жою шараларын қабылдайтын болады:

- Ақмола облысы, Степногорск қ. орналасқан ПХД-бар қалдықтар (Қарағанды облысы, Балқаш қ. «Дарьял-У» РЛС қалдықтары);
- Қостанай облысы, Жітіқара ауданы, Түргеневка ауылындағы агрохимиялық қалдықтар (улы химикаттар), Қостанай қ. орналасқан ТОЛ-бар агрохимиялық қалдықтар;
- Маңғыстау облысы, Ақтау қ. бұрынғы Ақтау пластикалық масса зауытының аумағында орналасқан ТОЛ-бар қалдықтар.

Күтілетін нәтижелер: ТОЛ-бар қалдықтарды тасымалдау және/немесе жою жөніндегі жүргізілген іс-шаралар саны 2026 жылы – 1 бірлік, 2027 жылы – 2 бірлік.

Стратегиялық мақсат 1.3. *ҚР-да экологиялық таза Автокөлік құралдарын (АКҚ) және Өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы техникасын (ӨЖАШТ) өндірісін ынталандыру*

ҚР ЭК 388-бабы 1-тармағының 3) тармақшасына сәйкес, Қоғамның ҚР-да экологиялық таза АКҚ (Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламентімен белгіленген экологиялық класқа сәйкес келетін; электр қозғалтқыштары бар) және олардың компоненттерін, сондай-ақ техникалық регламенттермен айқындалған экологиялық талаптарға сәйкес келетін ӨЖАШТ өндірісін ынталандыру жөніндегі қызметі олардың өндірушілерін мынадай бағыттар бойынша қаржыландыру арқылы жүзеге асырылады:

- жұмыс орындарын ұстау;
- энергоресурстарды пайдалану;
- ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық әзірлемелерді (ҒЗТКӘ) жүзеге асыру;
- өнім шығаруға байланысты сынақтар жүргізу;
- кепілдік міндеттемелерді қолдау.

Бұл ретте, қаржыландыру тәртібі ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің м.а. 2021 жылғы 21 шілдедегі №263 және ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2021 жылғы 29 шілдедегі №400 бірлескен бұйрығымен бекітілген ҚР-да экологиялық таза АКҚ (Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламентімен белгіленген экологиялық класқа сәйкес келетін; электр қозғалтқыштары бар) және олардың компоненттерін, сондай-ақ техникалық регламенттермен айқындалған экологиялық талаптарға сәйкес келетін ӨЖАШТ өндірісін ынталандыру қағидаларымен регламенттелген.

Күтілетін нәтижелер:

ҚР заңнамасында белгіленген тәртіппен айқындалатын көлемдерде экологиялық таза АКҚ (Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламентімен белгіленген экологиялық класқа сәйкес келетін; электр қозғалтқыштары бар) және олардың компоненттерін, сондай-ақ техникалық регламенттермен айқындалған экологиялық талаптарға сәйкес келетін ӨЖАШТ өндірісін ынталандыру.

3.2. Стратегиялық бағыт 2. Қоғамда экологиялық мәдениетті қалыптастыру

Стратегиялық мақсат 2.1. *Қоғаммен қайталама ресурстарды бөлек жинауды және қайта пайдалануды енгізу, қалдықтардың түзілу көлемін қысқарту мақсатында өзара іс-қимылдың тиімді жүйесін қалыптастыру*

Қоғамның бұл бағытта қабылдайтын шаралары үздіксіз экологиялық білім беру және ағарту моделін Қазақстанның білім беру жүйесіне кешенді интеграциялау арқылы Қатты тұрмыстық қалдықтармен (ҚТҚ) жұмыс істеу мәдениеті деңгейін арттыруға бағытталатын болады. Ұсынылып отырған модель балаларда, жастарда және ересек халықта қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарауды тәрбиелеуді, экологиялық қызметте ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалануға деген қызығушылықты, қалдықтармен қауіпсіз жұмыс істеу, атап айтқанда, қалдықтарды бөлек жинау қажеттілігін саналы түрде түсінуді мақсат етеді.

Осылайша, бұл бағыттағы ауқымды жұмыс мынадай бастамаларды іске асыруды қамтиды:

1. ҚТҚ-ны бөлек жинауды танымал ету шеңберінде экологиялық білім беру және ағарту жөніндегі қызметті ҚР мемлекеттік білім беру жүйесіне (мектепке дейінгі, бастауыш, орта, кәсіптік-техникалық, жоғары, қосымша және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесі) интеграциялау үшін құқықтық негіздерді құру.

- Экологиялық мәдениетті қалыптастыру мәселелерін құқықтық реттеудің жеткіліктілігі, оны дамыту үшін ынталандырулар мен жағдайлардың болуы тұрғысынан ҚР қолданыстағы заңнамасына талдау жүргізу қажет. Нәтижесінде экологиялық білім беру үшін құқықтық базаны жетілдіру бойынша ұсынымдар дайындалады, олар нормативтік құқықтық актілердің жобалары ретінде ҚР Оқу-ағарту министрлігіне және ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігіне ұсынылады, сондай-ақ ҚР-дың «жасыл» экономикаға көшу жөніндегі тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-шаралардың жаңа жоспарына енгізу үшін ұсынылады.
- Сондай-ақ, қазақстандықтардың Қазақстандағы ҚТҚ-ны бөлек жинауды түсінуі және практикалық дағдылары шеңберіндегі экологиялық мәдениетінің жай-күйі туралы зерттеу жүргізілетін болады, атап айтқанда: әртүрлі әлеуметтік топтардың түрлі ауқымдағы (жаһандық, өңірлік, ұлттық және жергілікті) ҚТҚ экологиялық проблемаларын қабылдауы, жеке және ұжымдық деңгейлерде ҚТҚ-ны бөлек жинауға көшу дағдысы мен дайындығы, БАҚ, редакциялардың ұстанымдары, әлеуметтік желілер және т.б. арқылы

ҚТҚ мәселесін дұрыс көрсету және қазақстандықтардың санасын өзгерту туралы.

2. ҚР мемлекеттік білім беру жүйесіне үздіксіз экологиялық білім беру және ағартудың кешенді моделін әзірлеу және енгізу, мұнда ҚТҚ-ны бөлек жинау, ресайклинг-өндіріс төмен көміртекті даму стратегиясын енгізудің практикалық құзыреттерін қалыптастырудағы маңызды құрамдас бөлік ретінде қарастырылатын болады.

- Халықаралық және отандық тәжірибеге және халықты ҚТҚ-ны бөлек жинау қағидаттары туралы экологиялық білім беру және ағарту саласындағы үздік практикаларға талдау жүргізу нәтижесінде экологиялық және үнемді өмір сүру дағдысының негіздерін қалыптастыруға, ресайклинг-өндіріс елдің тұрақты жасыл дамуға көшуінің негіздерінің бірі екенін түсінуге бағытталған модельді әзірлеу, сынақтан өткізу және пилоттық режимде енгізу көзделеді.
- Сынақтан өткізу және пилоттық енгізу нәтижелерін ескере отырып, модель қосымша сағаттық жүктемесіз, бұрыннан бар білім беру стандартына интеграцияланған идеология ретінде мемлекеттік білім беру стандартына енгізу үшін ұсынылады.

3. «Birge! Taza Qazaqstan» қозғалысын әрбір қазақстандықтың азаматтық құрамдас бөлігі ретінде кеңейту, ресми және бейресми білім беру ұйымдарының барлық түрлері арасында бірқатар білім беру конкурстарын өткізу, үйінде және одан тыс жерлерде ҚТҚ-ны сұрыптаудың, демалыс орындарын, су айдындарын, орман және саябақ аймақтарын таза ұстаудың практикалық дағдыларын жүйелі түрде қалыптастыру, пластикалық пакеттерді, бір реттік ыдыстарды пайдаланудан саналы түрде бас тарту арқылы.

- Сондай-ақ, бұл бастама мектепке дейінгі білім беру ұйымдары, қалалық және ауылдық жерлердегі орта білім беру ұйымдары, кәсіптік-техникалық білім беру ұйымдары, қосымша білім беру ұйымдары және университеттер қатарынан іріктелетін өңірлік білім беру орталықтары – білім хабтарының желісін құруды қамтиды.
- Бұл орталықтар білім беру ұйымдарын кластерлік негізде біріктіретін болады және тақырыптық тұрғыдан практикалық ресурстарды үнемдеу, жұртшылықты экологиялық тіршілік негіздеріне, ҚТҚ-ға елдің маңызды ресурсы ретінде дұрыс қарауға үйрету мәселелеріне бағытталған.

4. ҚТҚ-ны бөлек жинауды ілгерілету, пластикалық пакеттерді пайдаланудан бас тарту, әлеуметтік мақсаттағы объектілерді таза ұстау бойынша үздіксіз экологиялық білім беру мен ағартудың кешенді моделін әзірлеу және енгізу процесіне ақпараттық және ұйымдастырушылық қолдау көрсету.

- Коммуникациялық арналар ретінде әлеуметтік желілерді, меншікті веб-сайтты, республикалық жергілікті теле- және радиоарналарды және т.б. пайдалану көзделген.
- Ақпараттық-білім беру материалдары (лекторларға, оқытушыларға, ата-аналарға, оқушыларға, студенттерге және т.б. арналған) баспа және электрондық түрде қолжетімді болады.

Күтілетін нәтижелер:

1) Білім беру ұйымдарында қайталама ресурстарды бөлек жинауды және қайта пайдалануды танымал ету, қалдықтардың түзілу көлемін қысқарту жөніндегі жобаны жыл сайын іске асыру;

2) Қоғам қалдықтармен жұмыс істеу саласында өткізілетін жарнамалық, білім беру және маркетингтік іс-шаралардың санын жыл сайын ұлғайтатын болады.

1.1. Стратегиялық бағыт 3. Қоғамның операциялық қызметін жетілдіру

Стратегиялық мақсат 3.1. *Кадр саясаты жүйесін жетілдіру*

Кадрлық әлеуетті дамыту осы Стратегияның стратегиялық мақсаттары мен міндеттерін табысты іске асырудың негізгі факторларының бірі болып табылады.

Қоғамның кадрлық саясаты перспективалы, дарынды мамандарды тартуға, олардың әлеуетін ашуға және ұстап қалуға, сондай-ақ қызметкерлер өзін-өзі дамытуға, корпоративтік құндылықтарға сәйкес келуге, Қоғамның табысты жұмысы үшін талап етілетін жаңа құзыреттерді игеруге ұмтылатын тиісті ортаны қалыптастыруға бағытталатын болады.

Қоғам өз қызметкерлері үшін барынша адекватты және қауіпсіз еңбек жағдайларын, сондай-ақ қолайлы корпоративтік мәдениетті құруға ұмтылады. Корпоративтік мәдениет деп Қоғам қызметкерлердің қызметінің, бизнес-процестердің және жұмыс ортасының Қоғамның стратегиялық мақсаттарына қол жеткізуге шоғырланған жиынтығын, сондай-ақ Қоғамның қызметкерлермен, клиенттермен, стейкхолдерлермен және жұртшылықпен өзара іс-қимыл жасау тәсілдерін, сондай-ақ олардың Қоғамды қабылдауын түсінеді.

Қоғам HR-процестерді жетілдіру бойынша жұмысты тұрақты негізде қолдауды жоспарлап отыр.

Бұл бағытта Қоғамның күш-жігері мыналарға бағытталатын болады:

- Меритократия қағидаттарына адалдықты қамтамасыз ету, оның ішінде іздеу және іріктеу, оқыту және дамыту, қызметкерлердің қызметін бағалау және сыйақыны басқару;
- Корпоративтік мәдениетті дамыту;
- Таланттарды басқару жүйесін (кадрлық резервті) жетілдіру;
- Қоғамның табысты қызметіне ықпал ететін әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеу.

Қоғамның стратегиялық мақсаттарға қол жеткізуі әрбір қызметкердің жеке тиімділігімен байланысты болады. Адами капиталды дамыту оқыту және дамыту, Қоғам қызметкерлерінің біліктілігін арттыру, оның ішінде тағылымдамаларға жіберу және тәжірибе алмасу жолымен жүзеге асырылатын болады.

HR-рәсімдерін басқа негізгі процестермен автоматтандыру персоналды дамыту жөніндегі міндеттерді Қоғамның стратегиялық мақсаттарына қол жеткізумен толыққанды синхрондауды қамтамасыз етеді.

Күтілетін нәтижелер: 2023 жылдан 2027 жылға дейінгі кезеңде Қоғам персоналдың жұмысқа араласу деңгейін бағалауды жүргізетін болады. Қоғам

бұл көрсеткіштің жыл сайын кемінде 5%-ға өсуін қамтамасыз етуге ұмтылатын болады.

Стратегиялық мақсат 3.2. *Корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру*

Бұл стратегиялық мақсатты іске асыру Қоғамның Даму стратегиясы мен Даму жоспарының орындалуы арқылы қадағаланатын болады.

Корпоративтік басқару – Қоғам қызметінің тиімділігін арттыру, транспаренттілік пен есеп берушілік қағидатын іске асыруды қамтамасыз ету, іскерлік беделді нығайту және шығыстарды оңтайландыру құралы болып табылады.

Қоғам әділдік, адалдық, жауапкершілік, ашықтық, кәсібилік пен құзыреттілік қағидаттарына негізделген нарықтық бағдарланған корпоративтік басқару жүйесін құруға ұмтылатын болады.

Қоғамның корпоративтік басқару құрылымы Қоғамның қызметіне мүдделі барлық тұлғалардың құқықтары мен мүдделерін құрметтеуге негізделеді және Қоғамның табысты қызметіне, оның ішінде оның құнын өсіруге, қаржылық тұрақтылықты және залалсыздықты қолдауға ықпал етеді.

Осы стратегиялық мақсат шеңберінде үздік әлемдік тәжірибеге, корпоративтік басқару саласындағы жаһандық үрдістерге, Жалғыз акционер мен Директорлар кеңесінің шешімдеріне сәйкес корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру жөніндегі жұмыс жалғасады.

Корпоративтік басқару саласындағы үрдіс Директорлар кеңесінің акционерлер алдындағы сапасына, тиімділігіне және есеп беруіне, бюрократияны жоюға деген сұраныстың өсуін жалғастырып отырғанын көрсетеді. Осыған байланысты Қоғам Директорлар кеңесі мен Басқарма қызметінің тиімділігін арттыру, корпоративтік басқару жүйесінің корпоративтік басқару саласындағы жалпы қабылданған стандарттарға сәйкес келуі бойынша мақсаттар қойып отыр.

Корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру мақсатында Қоғам мынадай басқару қағидаттарын сақтауға ұмтылады:

- өкілеттіктерді шектеу қағидаты;
- жалғыз акционердің құқықтары мен мүдделерін қорғау қағидаты;
- Директорлар кеңесі мен Басқарманың Қоғамды тиімді басқару қағидаты;
- тұрақты даму қағидаты;
- тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және аудит қағидаты;
- корпоративтік жанжалдар мен мүдделер қақтығысын реттеу қағидаты;
- Қоғам қызметі туралы ақпаратты ашудың ашықтық және объективтілік қағидаты.

Қоғам корпоративтік басқару жүйесін жетілдірудің маңыздылығын түсінеді және қызметтің ашықтығы мен айқындығын қамтамасыз етуге, сондай-ақ Корпоративтік басқару кодексінің негізгі қағидаттарын практикалық енгізуге ұмтылады. Осылайша, ҚР Ұлттық экономика министрінің 2018 жылғы 5 қазандағы № 21 бұйрығымен бекітілген Ұлттық әл-ауқат қорын қоспағанда, мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдардағы Корпоративтік басқарудың үлгілік кодексінің 3-тармағында корпоративтік

басқаруға кемінде үш жылда бір рет тәуелсіз бағалау жүргізу мерзімділігі белгіленген.

Күтілетін нәтижелер: 2025 жылы корпоративтік басқаруға тәуелсіз бағалау жүргізу.

Стратегиялық мақсат 3.3. *Кәдеге жарату төлемдерін әкімшілендіруді жетілдіру*

Өндірушілердің (импорттаушылардың) кәдеге жарату төлемін есептеуінің дұрыстығын, толықтығын және уақтылы аударуын бақылауды жүзеге асыру мақсатында Қоғамның ақпараттық жүйелерін мемлекеттік органдардың, екінші деңгейдегі банктердің, сондай-ақ көлік құралдарының электрондық паспорттары жүйесінің ұлттық операторының (ұлттық әкімшісінің) ақпараттық жүйелерімен интеграциялау қажет. Бақылау мемлекеттік органдардың, екінші деңгейдегі банктердің және ұйымдардың мәліметтерін ӨКМ Операторының ақпараттық жүйелерінің деректерімен салыстыру жолымен жүзеге асырылатын болады.

Күтілетін нәтижелер:

1. 2024 жылы ӨКМ таралатын өнімдердің (тауарлардың) тұтыну қасиеттерін жоғалтқаннан кейін түзілетін қалдықтарды жинауды, тасымалдауды, қайта пайдалануға дайындауды, сұрыптауды, өңдеуді, қайта өңдеуді, залалсыздандыруды және (немесе) кәдеге жаратуды ұйымдастыру үшін автоматтандырылған ақпараттық жүйені іске қосуды қамтамасыз ету, ол қаптама қалдықтарының, автокомпоненттердің, электрондық және электрлік жабдықтардың қозғалысын қадағалауға мүмкіндік береді;
2. 2023 жылы Қоғамның ақпараттық жүйелерін көлік құралдарының электрондық паспорттары жүйесімен интеграциялау;
3. 2024 жылдан 2027 жылға дейін Қоғамның ақпараттық жүйелерін мемлекеттік органдардың, квазимемлекеттік ұйымдардың, екінші деңгейдегі банктердің ақпараттық жүйелерімен интеграциялауды қамтамасыз ету.

Глоссарий

АКҚ – автокөлік құралдары

ҚР СЖжРА ҰСБ -Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы

ИҚҚ – иесіз қауіпті қалдықтар

ПШӨЖАШТ – пайдаланудан шыққан өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы техникасы

ПШҚҚ – пайдаланудан шыққан көлік құралдары

ЖАО – жергілікті атқарушы органдар

КАШҚ – көп айналымды шыны қаптама

МТБ – материалдық-техникалық база (ҚТҚ бөлек жинаудың өңірлік инфрақұрылымы)

ҚР ЭГТРМ – Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі

ҚР ЭТРМ - Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі

ҒЗЖ – Ғылыми-зерттеу жұмысы «Осы өнімнің (тауарлардың) қалдықтарымен жұмыс істеуді ұйымдастырғаны үшін ақшалай төлемдердің мөлшерін және осы өнім (тауарлар) қалдықтарының топтары бойынша кәдеге жарату төлемдерін есептеу үшін шиналар, майлар, аккумуляторлар, электрондық және электрлік жабдықтар, қаптамалар, ауыл шаруашылығы техникасы, көлік құралдары қалдықтарын жинау, тасымалдау, қайта өңдеу, пайдалану және (немесе) кәдеге жарату жөніндегі қызметті жүзеге асыруға байланысты шығыстар мен кірістер көрсеткіштерін бағалау және талдау, сондай-ақ тұтыну ыдысы айналымының депозиттік (кепілдік) жүйесінің тұжырымдамасы мен қаржылық моделін әзірлеу»

Қоғам – «Жасыл даму» АҚ

ҚР – Қазақстан Республикасы

ӨКМ – өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері

ТОЛ – тұрақты органикалық ластағыштар

Стокгольм конвенциясы – ТОЛ туралы Стокгольм конвенциясы (Стокгольм, 2001 жылғы 22 мамыр), ҚР Заңымен 2007 жылғы 7 маусымдағы № 259 ратификацияланған

Стратегия – «Жасыл даму» акционерлік қоғамының 2023-2027 жылдарға арналған Даму стратегиясы

ӨЖАШТ – өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы техникасы

ҚТҚ – қатты тұрмыстық қалдықтар

КҚ – көлік құралдары

ЭЗС- Электр зарядтау станциялары

ҚР ЭК – Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі